

Алакөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 09 желтоқсандағы "Алакөл ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" № 12-377 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 22 шілдедегі N 311 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 13 тамызда N 2809 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 133 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 22.05.2020 № 133 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 5) тармақшасына және 20-бабының 5-тармағының 2) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Алакөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алакөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 09 желтоқсандағы "Алакөл ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" № 12-377 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2013 жылдың 23 желтоқсанында № 2533 тіркелген, аудандық "Алакөл" газетінде 2014 жылдың 8 ақпанында № 6 жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

"2. Қосымшаға сәйкес Алакөл ауданы бойынша ұйымдардың тізбесі және қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері бекітілсін, сондай-ақ қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс айқындалсын.";

көрсетілген қаулы қосымшасының алтыншы бағанындағы "Ең төменгі еңбекақы" сөздері "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі айлық жалақының 1,5 мөлшерінде" сөздеріне ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Салтанат Дәулетханқызы Меңлібаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Жақанбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК